

"Шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 7 қараша N 1680

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендірудің тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 шілдедегі N 1095 P001095_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес "Шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) объектілерін Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасымен келісім бойынша Қоғамның жарғылық капиталын бара-бар азайтып, теңгерімдік құны бойынша Қоғамның мүлкі құрамынан объектілерді шығаруды;

2) бес жыл ішінде мына шарттарды сақтап, инвестициялық тендерде 100 пайыз мөлшеріндегі Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіруді:

Қоғам қызметінің бейінін сақтау;

Қоғам қаражаты есебінен "Қазақстан Республикасының Бірінші Президентінің Резиденциясы" тарихи-мәдени және сәулет-кешенін және Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Президентінің қала сыртындағы резиденциясын (мемлекеттік тапсырыстан тыс) ұстауға жыл сайын 60 (алпыс) миллион теңге және "Болашақ" балалар бақшасы", "Ақ қайың" балалар бақшасы", "Құлагер" балалар бақшасы", "Тау күні" балалар сауықтыру лагері" мемлекеттік емес мекемелерін ұстауға жыл сайын 3 (үш) миллион теңге инвестициялады;

"Болашақ" балалар бақшасы", "Ақ қайың" балалар бақшасы", "Құлагер" балалар бақшасы", "Тау күні" балалар сауықтыру лагері" мемлекеттік емес мекемелердің балалар бақшаларын мақсатымен пайдалану;

Қоғамның "Қарашеңгел аңшылық шаруашылығы" N 6 филиалын және "Қапшағай" резиденциясын оларды тоқтату немесе сату құқығынсыз Қоғам қаражаты есебінен қаржыландыруды;

Қоғамның "Арман" N 2 филиалының аумағындағы жаңа коттеждердің құрылысына кемінде 2 (екі) миллион АҚШ долларына баламалы соманы инвестициялады;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық

басқармасын "Шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік қоғамы етіп қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 тамыздағы N 822 P980822 – қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:
көрсетілген қаулыға Қосымшада:

"N 1-5 резиденциялар" деген жолдағы "1-5" деген сандар "1-4" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны"

"Панфилов" асыл тұқымды мал зауыты" деген жолдар алынып тасталсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы 7 қарашадағы
N 1680 қаулысына
қосымша

"Шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік қоғамының

мүлкі құрамынан шығарылатын объектілердің
тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясы" мекемесі.
2. Алматы қаласындағы N 5 резиденциясы.
- 3.

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.29. N 1781
қаулысымен.

P001781_

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК